



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

А. Боранбай

«ECOSTAN-ға САЯХАТ»

республикалық экологиялық конкурсын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелер «ECOSTAN-ға САЯХАТ» сурет және көркем қолөнер республикалық экологиялық конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Конкурсты жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.
3. Конкурсты өткізу мерзімі «Дарын» РҒПО бұйрығымен бекітіледі.
4. Байқаудың басты мақсаты - мектеп оқушылары арасында табиғатқа қатысты экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған ортаға деген құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерін насихаттау, табиғатқа қатысты белсенді адамгершілік позициясын қалыптастыру, яғни мектеп оқушыларын экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.
5. Конкурстың міндеттері:
 - Қазақстан табиғатының сұлулығын, байлығы мен алуан түрлілігін көрсету;
 - оқушылардың назарын Қазақстан аймақтарындағы экологиялық проблемаларға аудару;
 - экологиялық тақырыптарға қатысты оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту, ой-өрісін кеңейту, экология және табиғатты қорғау саласындағы хабардарлық деңгейін арттыру;
 - байқауға қатысушылар арасынан дарынды визуализаторларды анықтау;
 - әлеуметтік белсенді, шығармашыл жастармен жұмыс жасау үшін қосымша коммуникациялық ұсынымдар жасау алаңын құру;
 - елдің әр түрлі аймақтарының тұрғындарын алаңдататын экологиялық проблемаларды анықтау үшін, қоғамды, бұқаралық ақпарат құралдарын және экология саласындағы шешім қабылдайтын тұлғаларды олар туралы

хабардар етуге, сондай-ақ осы бағытта өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге жас авторларға мүмкіндік беру;
- Конкурс жеңімпаздарының үздік туындыларынан электрондық альбом әзірлеу.

6. Конкурс екі бағытта өтеді:

1-бағыт: ең үздік натуралистік фоторепортаж (7-8 сыныптар). Халықтың назарын табиғатты құрметтеуге, қоршаған әлемді және өсімдіктер мен жануарларды танып білуге аударуға бағытталған тақырыптарда фотосерия.

2-бағыт: ең үздік экологиялық бейнебаян (9-12 сыныптар). Экология тақырыбына арналған, өз аймағының, туған жерінің қоршаған орта проблемалары туралы қысқаша бейнефильм.

7. «Дарын» РҒПО Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.

8. Ұйымдастыру комитеті Конкурстың өткізілуін үйлестіреді және бақылайды.

9. Ұйымдастыру комитеті Конкурстың қазылар алқасы құрамын бекітеді.

10. Конкурстың қазылар алқасы құрамына жоғары оқу орындарының, мәдениет және өнер саласының өкілдері мен қатар кәсіби фотографтар, натуралист фотографтар және танымал видеоблогерлер, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен компаниялардың, ғылыми орталықтар мен экология саласындағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері Конкурстың нәтижелері бойынша өздерінің бағалы сыйлықтарын, сертификаттарын және т.б. тағайындау және табыстау құқығымен кіре алады.

Қазылар алқасының құрамы Конкурстың әр бағыты бойынша тақ саннан тұрады.

11. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстарды саралап, критерийлерге сәйкес ұпайларды қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

12. Қазылар алқасы мүшелеріне және ұйымдастыру комитетіне арналған критерийлер мен нұсқаулықтарды «Дарын» РҒПО әзірлеп, бекітеді.

13. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қатысушыларға Конкурсқа қатысқандығы үшін сертификаттар табысталады.

14. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің саны әр бағыт бойынша қатысушылардың жалпы санының 45%-нен аспайды. I, II, III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорциялар негізінде анықталады: жеңімпаздар

санының 50% III дәрежелі дипломдармен, 30% II дәрежелі дипломдармен, ал 20% I дәрежелі дипломмен марапатталады.

15. Ұйымдастыру комитеті Конкурс нәтижелерін сараптайды және қорытындылайды.

16. Конкурс аяқталғаннан кейін жеңімпаздардың нәтижелері мен жұмыстары «Дарын» РҒПО-ның сайтында (www.daryn.kz) жарияланады.

1-бағыт:

ЕҢ ҮЗДІК НАТУРАЛИСТІК ФОТОРЕПОРТАЖ

(халықтың назарын табиғатты құрметтеуге, қоршаған әлемді және өсімдіктер мен жануарларды танып білуге аударуға бағытталған тақырыптардағы фотосерия)

17. Конкурса 7-8 сынып оқушылары (12-14 жастағы топ) қатыса алады.

18. Конкурса өз аймақтарының экологиялық проблемалары мен табиғат тақырыбына арналған, жабайы табиғаттың түкпірлері, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі, туған жердің қоршаған ортасын сақтау мен құрметтеуді бейнелейтін фотосуреттер (фотосериялар) жіберіледі.

19) Конкурс тиісті жанрларға сәйкес келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«Менің кіші Отанымның жабайы табиғаты»**

- пейзаж (аймағыңыздағы жабайы табиғат көрінісін түсіру);

- панорама (ландшафттық кескін жасау);

2) **«Экология және адам»**

- табиғат пен адам (табиғат пен адамның үндестігі);

3) **«Мені қоршаған әлем!»**

- өсімдіктер мен жануарлар (макро фотосуреттерді қоса алғанда, табиғи тіршілік ету ортасындағы өсімдіктер мен жануарлардың фотосуреттері),

- этюд (жабайы табиғаттың кішігірім аймақтарын - шабындықты, ағашты, тасты және т.б. түсіру);

20. Жұмысты орындауға қойылатын талаптар:

1) фотоконкурса фотоколлаж түрінде түсірілген фотосуреттер қабылданады. Барлық коллаж элементтері біріңғай композиция түрінде жасалған ортақ идеямен біріктірілуі керек;

2) коллажды кез-келген фоторедактордың көмегімен жасауға және өңдеуге болады;

3) фотосуреттер кәсіби немесе жартылай кәсіби камерамен, жоғары сапада түсірілуі керек;

4) фотоколлаж, номинациялардың тақырыптарын барынша ашып, фотоконкурстың мақсаттарын көрсетуі керек;

- 5) фотоколлаж жасау кезінде кем дегенде 3 фотосурет қолданылуы керек;
- 6) Конкурсаға әр қатысушыдан таңдап алынған номинация бойынша 2 фотоколлаж қабылданады. Шығармаларға арналған авторлық құқық байқауға қатысушыларда қалады. Үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарының сақталуына жауапкершілік шығарма авторларына жүктеледі. Егер байқау кезеңдерінің бірінде жұмыстың осы Ережелермен сәйкессіздігі анықталса, Ұйымдастыру комитеті жіберілген жұмысты қарастырудан бас тартуға құқылы.
- 7) Конкурсаға арналған жұмыстар электронды түрде ұсынылады. Фотоколлажы бар файл жұмыстың тақырыбын, номинация атауын, автордың тегі мен инициалдарын қамтуы керек (*мысалы: Жануарлар ізі. Мені қоршаған әлем. Р. Жүсіпов. Jpg*).
- 8) жіберілетін жұмысқа қоса, осы Ережелердің **1-қосымшасына** сәйкес толтырылған сауалнама қоса берілуі керек.

21. Жұмыстар келесі шарттарға сай болуы тиіс:

- тақырыпқа сәйкестігі;
- суреттің эмоционалдылығы және ақпараттық мазмұны;
- көркем орындалуы мен шығармашылығы;
- өңдеудің эстетикалық және техникалық деңгейі;
- композициялық шешім.
- идеяның жаңалығы мен тың ерекшелігі;
- экологиялық мәселелердің көрініс табуы.

22. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – РББҰ), «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы (бұдан әрі – «Бөбек» ҰҒПББСО) осы ережелердің 21-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес ең жақсы жұмыстарды 19-тармақта көрсетілген **әр номинация бойынша екі жұмыстан іріктеп** алып, «Дарын» РҒПО-ға жібереді.

2-бағыт:

ЕҢ ҮЗДІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕБАЯН

(экология тақырыбына арналған, өз аймағының, туған жерінің қоршаған орта проблемалары туралы қысқаша бейнефильм)

23. Конкурсаға 9-12 сынып оқушылары (*15-18 жастағы топ*) қатыса алады.

24. Конкурсаға өз аймағының экологиялық проблемалары туралы бейнематериалдар, экологиялық тақырыптарға, ландшафттар мен табиғатқа, туған жердің қоршаған ортасын сақтау мен құрметтеуге арналған тақырыптарда жұмыстар ұсынылады.

25. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«Eco-Nazar: біздің қасымыздағы экологиялық проблема»;**

Осы номинациядағы жұмыстар туган жердің экологиялық проблемаларының тереңдігін, оларды байқап үйрену қажеттілігі туралы түсінуге көмектеседі. Мұндай мәселелерге көз жұмбай, адамның салауатты өмірін бұзатын барлық нәрсені бейнетаспаға түсіру үшін құрылғының немесе смартфон камерасын әзір ұстаңыз. Себебі көп нәрсені түзетуге әлі де кеш емес.

2) **«Адам және жануарлар әлемі: келісім мен үйлесімдегі өмір»;**

Жануарлармен қарым-қатынас жасай отырып, адам өзінің ең жақсы қасиеттерін көрсете алады, өйткені адам бойындағы жанашырлық пен мейірімділік қасиеттері жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне таралуы керек. Мейірімділік, жауапкершілік, парызды сезіну, өмірдің әр сәтінен ләззат ала білу, табиғатпен бірігу және жануарларға жанасу қуанышы - осының бәрі біздің барлық эмоцияларымыз бен көңіл-күйлерімізді таспаға басып алуға шабыт береді.

3) **«Ғаламшарға өмір сыйла!»;**

Біздің планетаның кез-келген бұрышы таңғажайып және қайталанбас. Табиғат өмірінің де әр сәті тым ерекше. Жапырақтың жел ескендегі сыбдыры, көбелек қанаттарының түрлі-түсті реңктері. Жер адамның басты байлығы екендігі туралы біз қаншалықты жиі ойлаймыз? Осындай нығметтерді әрбір томардың түбінде, әр бұлақтың жағасында жасырулы жатыр десек те болады. Мұның бәрі сіздің «экологиялық» әсеріңіз бен Жер бетіндегі өмірдің ғажайып сезімін бейнеге түсіріп алуға тамаша себеп!

26. Жұмысты орындауға қойылатын талаптар.

1) Бейнебаян кез-келген бейнередакторда өңделуі, телефон камерасымен немесе арнайы бейнекамерамен түсірілген анимациялық, сахналанған бейнежазба түрінде жасалуына болады.

2) Бейнебаян форматтары: MPEG4, AVI.

3) Конкурс жұмысының ұзақтығы 3 минуттан аспайы тиіс.

4) Бейнедебаянда келесілер міндетті түрде болуы керек:

- бейнебаянның бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні көрсетілуі тиіс;

- бейнебаянның соңындағы кадрда автордың (түсірілімге қатысқан топтың) тізімі, мектептің атауы мен бейненің жасалған жылы көрсетілуі тиіс;

- музыкалық сүйемелдеу қолданылған жағдайда музыка мен мәтіннің авторын көрсету. Авторлық құқықтың бұзылмауын назарда ұстау керек;

- кадрдан тыс мәтінді дыбыстау немесе еркін түрде (поэзия, проза, ән, монолог және т.б.) қолдану.

5) Конкурсқа арналған жұмыстар электронды түрде жіберілуі тиіс. Бейнебаян файлына жұмыс пен номинацияның атауы, автордың тегі мен инициалдары қамтылған (мысалы: *Инстинкт. Адам және жануарлар әлемі. Р. Жүсіпов. mp3*) атау берілуі тиіс.

б) Бейнематериалмен бірге, осы Ережелердің **2-қосымшасына** сәйкес толтырылған сауалнама қоса берілуі керек.

27. Байқауға қатысушыдан тек бір ғана жұмыс қабылданады. Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды. Интернеттен басқа адамдардың материалдары мен жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет дреккөздерінде жарияланбаған болуы керек.

28. Үздік шығармаларды таңдау барысында келесі шарттар ескеріледі:

- түсірудің эмоционалдылығы және ақпараттық мазмұны;
- таңдалған номинация тақырыбының мазмұнына бейне материалдың сәйкестігі;
- тақырыпты ашудың толықтығы және автордың түпкі ойы;
- бейненің өзіндік ерекшелігі, көркемдік тәсіл;
- бейнені түсіру мен монтаждау сапасы;
- конкурстық жұмыстарды рәсімдеудің талаптарына сай орындалуы.

29. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ, «Бөбек» ҰҒПББСО осы ережелердің 28-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес ең үздік жұмыстарды 25-тармақта көрсетілген **әр номинация бойынша екі жұмыстан іріктеп** алып «Дарын» РҒПО-ға жібереді.

1-қосымша

ЕҢ ҮЗДІК НАТУРАЛИСТІК ФОТОРЕПОРТАЖ

бағыты бойынша

«ECOSTAN-ға САЯХАТ»

**республикалық экологиялық конкурсының
қатысушы сауалнамасы**

Қатысушының аты-жөні:	
Туған жылы:	
Облыс, қала, аудан, ауыл:	
Мектеп, сынып:	
Номинацияның атауы:	

Жұмыс туралы ақпарат: (сурет қашан және қайда орындалғандығы туралы)	<i>Мысалы:</i> 2020 жылғы 21 қазан, Алматы қорығы, Іле Алатау алқабы
Жұмыстың мазмұнына түсініктеме: (автордың еркіне қарай)	
Оқытушының аты-жөні:	

2-қосымша

ЕҢ ҮЗДІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕБАЯН

бағыты бойынша

«ECOSTAN-ға САЯХАТ»

республикалық экологиялық конкурсының қатысушы сауалнамасы

Қатысушының аты-жөні:	
Туған жылы:	
Облыс, қала, аудан, ауыл:	
Мектеп, сынып:	
Номинацияның атауы:	
Жұмыс туралы ақпарат: (сурет қашан және қайда орындалғандығы туралы)	
Жұмыстың мазмұнына түсініктеме: (автордың еркіне қарай)	
Оқытушының аты-жөні:	